



АСАР КЕН ОРНЫНДА ЖАҢА ТОПТЫҚ ҚОНДЫРҒЫ

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
«Жетібаймұнайгаз» өндірістік
басқармасына қарасты Асар кен орнында
өндірістік инфрақұрылымды кеңейту
шеңберінде №3 мұнай және газ өндіру
цехынан (МГӨЦ-3) жаңа 4-топтық
қондырғы құрылысы аяқталды.**

Бұл нысанның құрылысы Асар кен орнындағы жаңа ұңғымаларды бұрғылау есебінен өндіріс көлемін ұлғайтып, мұнай жинау мен тасымалдау жүйесін жетілдіру қажеттілігіне байланысты жүзеге асырылды.

Жаңа топтық қондырғы құрамына «Спутник» автоматтандырылған топтық өлшеу қондырғысы алаңы, мұнай қыздырғыштар, сепарациялау қондырғылары мен мұнай айдау сорғылары және авариялық сыйымдылықтар сияқты маңызды технологиялық нысандар кіреді. Оның қуаттылығы 365,7 кВт-ты құрайды, бұл мұнай қоспасын тиімді жинап, оны орталық коллекторға кедергісіз тасымалдауға мүмкіндік береді.

ТҚ-4 нысанын іске қосу кен орнындағы технологиялық процестерді автоматтандыру деңгейін айтарлықтай арттырды. Мұнда қысым мен температураны бақылау, деңгейді сигнализациялау және сорғыларды автоматты басқару жүйелері толық енгізілген. Сонымен қатар, нысанда заманауи өртке қарсы дабыл және байланыс жүйелерімен жабдықталған операторлық ғимарат салынды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өз кен орындарындағы өндірістік нысандарды жаңғырту мен жаңа технологияларды енгізу арқылы мұнай өндірудің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыра береді.



МҮНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ҚАУІПСІЗДІК – КОМПАНИЯНЫҢ БАСТЫ БАСЫМДЫҒЫ

2026 жылғы 9 маусымда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кеңес өтті. Оған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелері, мердігер ұйымдарға жетекшілік ететін департамент директорлары, «Жетібаймұнайгаз» және «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармаларының бастықтары мен орынбасарлары, сондай-ақ 20 мердігер ұйымның басшылары мен қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі мамандары қатысты.



Кеңес барысында мердігер ұйымдардың өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызметіне жүргізілген талдау нәтижелері қаралды. Атап айтқанда, өндірістік бақылау, бұзушылықтардың, жазатайым және жол-көлік оқиғаларының алдын алу мәселелері талқыланды.

Өндірістік қауіпсіздік мәдениетін арттыруға, профилактикалық жұмысты күшейтуге, еңбекті қорғау талаптарының сақталуына және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мен мердігер ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі жетілдіруге ерекше назар аударылды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Болат Сүлейменұлы Сейтмағанбетов қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету Компанияның сөзсіз басымдығы екенін

атап өтті. Өз сөзінде ол өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарын мүлтіксіз сақтау, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау, сондай-ақ қауіпсіз еңбек мәдениетін қалыптастыру қажеттігіне ерекше тоқталды. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары Бауыржан Бергенұлы Ләтіп өз сөзінде өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне жүйелі көзқарастың маңыздылығын, еңбекті қорғау талаптарының сақталуын тұрақты бақылау қажеттігін және мердігер ұйымдар басшыларының жауапкершілік деңгейін арттырудың өзектілігін атап өтті. Сондай-ақ жиында өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы жұмысты одан әрі жетілдіру бойынша бірқатар ескертулер мен ұсыныстар айтылды.

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ – ЗАЩИТА ОТ КИБЕРМОШЕННИКОВ

Состоялась встреча сотрудников прокуратуры Каракиянского района Мангистауской области с работниками ПУ «Жетыбаймұнайгаз», посвящённая вопросам профилактики интернет-мошенничества и защиты персональных данных граждан.

В ходе встречи заместитель прокурора Каракиянского района Багдат Карленов рассказал участникам о наиболее распространенных схемах обмана, используемых злоумышленниками в мессенджерах, социальных сетях и при телефонных звонках.

Особое внимание было уделено вопросам цифровой безопасности и защите конституционных прав граждан. Было отмечено, что в соответствии со статьёй 21 Конституции Республики Казахстан каждому гарантируется право на неприкосновенность частной жизни, личную и семейную тайну, а также защиту персональных данных от незаконного сбора, обработки, хранения и использования, в том числе с применением цифровых технологий.

В этой связи участникам напомнили о необходимости соблюдать основные меры кибербезопасности: не сообщать посторонним данные банковских карт, коды из SMS-сообщений и персональную информацию,

внимательно проверять поступающие ссылки и сообщения, а также не доверять звонкам от имени банков и государственных органов без дополнительной проверки информации.

В ходе встречи были приведены конкретные примеры интернет-мошенничества, зарегистрированные на территории области, а также разъяснены алгоритмы действий при столкновении с мошенниками.

Участники мероприятия получили практические рекомендации по защите своих персональных данных, повышению цифровой грамотности и обеспечению собственной кибербезопасности.



ЭКОЛОГИЯҒА ҚОСҚАН ҮЛЕС: «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫНА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСТЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің бастама-сымен жүзеге асырылып жатқан, экологиялық жағдайды жақсартуға, аумақтарды абаттандыруға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері табиғатты қорғау шараларына белсенді қатысты. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, Көлік департаменті және Материалдық-техникалық жабдықтау департаментінің қызметкерлері сенбіліктер өткізуге, аумақтарды санитарлық тазалауға және өндірістік нысандарды көгалдандыруға елеулі үлес қосты. Іс-шаралар барысында өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жинау, аумақтарды тиісті санитарлық жағдайға келтіру, қоршаған ортаны абаттандыру және жасыл желектер отырғызу жұмыстары жүргізілді.

Кен орындары мен өндірістік алаңдардың экологиялық жағдайын сақтау мен жақсарту мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Қызметкерлердің бірлескен еңбегінің нәтижесінде отырғызылған ағаштар мен басқа да жасыл желектер саны едәуір артты. Бұл өз кезегінде экологиялық ахуалды жақсартуға және келер ұрпақ үшін қолайлы қоршаған орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар компания қызметкерлері Маңғыстау облысындағы тарихи жерлер мен киелі орындардың аумақтарын абаттандырып, санитарлық тазалау жұмыстарына қатысты. Атап айтқанда, «Қараман ата», «Айдар Ишан» кесенесілері мен «Сәттіғұл Жаңғабилұлы» кесенесінің аумақтарында

тазалық жұмыстары жүргізілді. Атқарылған жұмыстар табиғатқа, мәдени мұраға және өңірдің рухани құндылықтарына деген жанағылықтың жарқын үлгісі болды.

Осындай экологиялық бастамаларға қатысу «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы үшін игі дәстүрге айналды. Мұндай іс-шаралар экологиялық жауапкершілікті арттыруға, корпоративтік мәдениетті нығайтуға және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне саналы көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді.




Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында «Таза Қазақстан» акциясына белсенді қатысқан қызметкерлер экологиялық бастамаларды жүзеге асыруға қосқан жеке үлесі, белсенді азаматтық ұстанымы және қоршаған ортаны қорғау ісіне қосқан үлесі үшін Құрмет грамоталарымен марапатталды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ алдағы уақытта да табиғи ресурстарды сақтауға, аумақтарды көгалдандыруға және қызметкерлер мен өңір тұрғындары арасында экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған экологиялық жобаларды қолдауды жалғастырады.



Ата Заңға сүйенсек

ЖЕКЕ ӨМІРГЕ ҚОЛ СҰҚПАУ – КОНСТИТУЦИЯМЕН ҚОРҒАЛАДЫ



Қазақстан Республикасы Конституциясында әр азаматтың жеке өміріне қол сұғылмауына ерекше мән берілген. Атап айтқанда:

«Жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі».

Бұл норма әр адамның жеке өмірі, отбасы, жеке мәліметтері мемлекет қорғауында екенін білдіреді. Ешкім азаматтың рұқсатынсыз оның жеке ақпаратын заңсыз жинауға немесе таратуға құқылы емес.

Бұл құқық нені қамтиды?

Конституциялық құқық:

- адамның жеке өмірін қорғауды;
- отбасы құпиясының сақталуын;
- телефон, хат алмасу және жеке ақпараттың құпия болуын;

- жеке деректердің қауіпсіз сақталуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі цифрлық технологиялар дамыған кезеңде бұл мәселе ерекше маңызға ие. Әлеуметтік желідегі мәліметтер, телефон нөмірі, жеке куәлік деректері, банк карталары туралы ақпарат – барлығы дербес дерек болып саналады.

Өмірден алынған мысалдар

Мысал 1. Жеке мәліметті рұқсатсыз тарату

Егер біреу азаматтың телефон нөмірін немесе жеке суреттерін оның келісімінсіз интернетке жарияласа, бұл – заң бұзушылық.

Мысал 2. Жұмыс орнындағы құпиялылық

Қызметкердің жеке деректерін немесе отбасылық жағдайын оның рұқсатынсыз жария етуге болмайды.

Мысал 3. Цифрлық қауіпсіздік

Алаяқтардың азаматтардың ЖСН-ін, банк картасының деректерін немесе SMS-кодтарын иемденуге әрекет жасауы – дербес деректерге заңсыз қол сұғу болып табылады.

Әр азамат нені білуі керек?

- Жеке мәліметтерді бөгде адамдарға бермеу;
- Күмәнді сайттар мен сілтемелерге сақ болу;
- Құпия сөздерді қорғау;
- Өзгенің де жеке өміріне құрметпен қарау маңызды.

Конституция әр азаматтың арнамысы мен жеке өмірін қорғауға кепілдік береді. Сондықтан цифрлық мәдениет пен құқықтық сауаттылықты арттыру – бүгінгі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ІШКІ ТРЕНЕРЛЕР ТРЕНИНГІ

Маңғыстаумұнайгаз қызметкерлеріне арналған ішкі тренерлерді даярлау бойынша екі күндік тренинг ұйымдастырылды. Оған компанияның әртүрлі құрылымдық бөлімдерінен 30-дан астам қызметкер қатысты.



Оқу бағдарламасын сертификатталған бизнес-тренер Ерлан Мұстафа жүргізді. Тренинг барысында қатысушыларға тиімді оқыту процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері танытырылып, тренерлік дағдыларды дамытуға бағытталған модульдік бағдарлама ұсынылды.

Бағдарлама аясында қатысушылар оқыту құрылымын әзірлеу, аудиториямен байланыс орнату, тренинг өткізу машықтарын қалыптастыру, топтық зерттеу әдістерін қолдану және Колб циклі негізінде оқу бағдарламасын құрастыру бағыттары бойынша теориялық әрі тәжірибелік білім алды.

Іс-шараның негізгі мақсаты — компания ішінде кәсіби білім мен

тәжірибені әріптестер арасында тиімді бөлісе алатын ішкі тренерлер пулын қалыптастыру. Мұндай бастамалар корпоративтік оқыту мәдениетін дамытуға және қызметкерлердің кәсіби әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Тренинг қорытындысында қатысушылар бағдарламаның мазмұны мен практикалық тапсырмалардың тиімділігін жоғары бағалады. Олардың айтуынша, оқу кәсіби тәжірибені жүйелеуге, көпшілік алдында сөйлеу қабілетін жетілдіруге және командалық жұмысты тиімді ұйымдастыруға таптырмас мүмкіндік.

Мамандар алдағы уақытта алған білімдерін өндірістік ортада қолданып, тәжірибелерін әріптестерімен бөлісуге дайын екендіктерін атап өтті.

ЖАЙДАРМАНДАҒЫ ЖАРҚЫН ЖЕҢІС



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы «KMG Күлкі Time» жайдарман ойындарында топ жарып, чемпион атанған MMG MIX командасын арнайы қабылдап, шығармашылық жетістігімен құттықтады. Кездесу барысында компания бас директорының бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов мұнайшылардан құралған команданың тек өндірісте ғана емес, өнер мен мәдениет саласында да белсенді екенін атап өтіп, олардың жеңісі ұжым мерейін өсіргенін айтты.

Еске сала кетсек, Ақтау қаласында өткен «KMG Күлкі Time» жайдарман сайысына «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарынан

10 команда қатысқан болатын. Қатысушылар қатарында Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Павлодар облыстары мен Астанадан келген мұнай-газ саласының жұмысшылары бар.

Сайыс екі кезең бойынша ұйымдастырылды. Алғашқы бөлімде командалар өздерін креативті түрде таныстырып, мұнайшылар өмірі, вахтадағы күнделікті тіршілік, экология және әлеуметтік жобалар тақырыбын әзілмен жеткізді. Ал екінші кезеңде қатысушылар еркін тақырыптағы сахналық қойылымдарын ұсынды.

Көрерменнің ыстық ықыласына бөленген әріптестеріміз MMG MIX командасы сахна мәдениетімен, ұтымды әзілдерімен және

ұйымшылдығымен ерекшеленіп, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Нәтижесінде «Маңғыстаумұнайгаз» құрамасы бас жүлдені жеңіп алып, «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдастыратын «Әзіл Fest» байқауына жолдама алды.

Кездесу барысында компания басшылығы команда мүшелеріне алғыс айтып, алдағы республикалық додада сәттілік тіледі. Өз кезегінде жайдарманшылар көрсетілген қолдау үшін ризашылықтарын білдіріп, компания абыройын жоғары деңгейде таныстыруға күш салатындарын жеткізді.

Айта кетейік, MMG MIX командасы бұған дейін де жайдарман алаңдарында белсенді өнер көрсетіп жүрген тәжірибелі ұжымдардың бірі. Биылғы маусымда олар Маңғыстау облыстық жайдарман ойындарының жоғары лигасының маусымашар кезеңінде ерекше көзге түсіп, көрермен көзайымына айналған болатын. Бүгінде команда сол дода аясында өтетін 1/4 финалдық ойынға жолдама алып, сахна төрінде өз өнерін тағы бір мәрте паш етпек.





«ҮЗДІК МАМАН» – 2026 БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Үздік маман» – 2026 кәсіби шеберлік байқауының жеңімпаздары салтанатты түрде марапатталды.

Айта кетейік, байқаудың практикалық және теориялық бөлімдерден құралған ІІ кезеңі Жетібай кен орнында өткізілді. Оған бұған дейін І кезеңнің жеңімпаздары атанған «Қаламқасмұнайгаз» және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармаларының қызметкерлері қатысты. Олардың қатарында мұнай мен газ өндіру операторлары, жөндеуші-слесарьлар, қабат қысымын ұстау операторлары, электр-газбен дәнекерлеушілер, тауар операторлары, ұңғымаларды зерттеу операторлары, токарьлар, химиялық талдау зертханашылары және технологиялық сораптар машинистері болды.

Басшылық байқауға қатысушыларды жылы құттықтап, жаңа еңбек табыстарын тіледі, сондай-ақ жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыс етті. Төртінші орын алған қатысушылар да назардан тыс қалмай, Қоғамның кәсіподақ комитеті атынан ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Бұдан бөлек, комиссия мүшелеріне және іс-шараны ұйымдастыру мен өткізуге үлкен үлес қосқан қызметкерлерге де бағалы сыйлықтар табысталды.

Жарыс жеңімпаздары күз айында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы қызметкерлері арасында өтетін «Үздік маман» кәсіби байқауына қатысады.

Біздің үздіктер:



МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАТОРЫ
I орын – Бердиджанов Аманжол, "ЖМГ" ӨБ-ң №3 МжГӨЦ
II орын – Избасаров Болатбек Амангелдиевич, "ЖМГ" ӨБ-ң №3 МжГӨЦ
III орын – Сарсенбаев Фархад Дауржанович, "ЖМГ" ӨБ-ң №3 МжГӨЦ



ҚАБАТ ҚЫСЫМЫН ҰСТАУ ОПЕРАТОРЛАРЫ
I орын – Оразбек Серікбол Оразбекұлы, "ЖМГ" ӨБ-ң ҚҚҰЦ
II орын – Алдабергенов Куандық, "ЖМГ" ӨБ-ң ҚҚҰЦ
III орын – Отебай Газрет, "ЖМГ" ӨБ-ң ҚҚҰЦ



ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ОПЕРАТОРЛАРЫ
I орын – Адай Жакия Ахметұлы, "ЖМГ" ӨБ-ң ҒЗЖӨЖЦ
II орын – Мақсатұлы Жомарт, "ЖМГ" ӨБ-ң ҒЗЖӨЖЦ
III орын – Нурсейтов Мұхамбет Дүйсебаевич, "ЖМГ" ӨБ-ң ҒЗЖӨЖЦ



ТАУАРЛЫҚ ОПЕРАТОРЛАРЫ
I орын – Кожанелесов Куантай Бердаулетович, "ЖМГ" ӨБ-ң КМДЖА
II орын – Адай Закария Ахметұлы, "ЖМГ" ӨБ-ң МДЖА
III орын – Алибаев Нурлан Бахытович, "ЖМГ" ӨБ-ң МДЖА



ХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ЗЕРТХАНАШЫЛАРЫ
I орын – Әділов Жолдас Смағамұлы, "ЖМГ" ӨБ-ң ҒЗЖӨЖЦ
II орын – Иманкулова Рахима Балықбаевна, "ЖМГ" ӨБ-ң ҒЗЖӨЖЦ
III орын – Джайлиханова Нуржамал Түгелбаевна, "ЖМГ" ӨБ-ң ҒЗЖӨЖЦ



ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СОРАПТАР МАШИНИСТІ
I орын – Бекбасар Әлі Ерсайынұлы, "ЖМГ" ӨБ-ң КМДЖА
II орын – Даулбаев Нурлан Жузбаевич, "ЖМГ" ӨБ-ң КМДЖА
III орын – Альбаев Ерлан, "ЖМГ" ӨБ-ң ҚҚҰЦ



ЖӨНДЕУШІ-СЛЕСАРЬ
I орын – Мақтанов Базаржан Серейұлы, "ЖМГ" ӨБ-ң №4 МжГӨЦ
II орын – Абуов Ренат Жумабаевич, "ЖМГ" ӨБ-ң №3 МжГӨЦ
III орын – Ержанов Саламат, "ЖМГ" ӨБ-ң №3 МжГӨЦ



ТОКАРЬ
I орын – Дошаев Құдай Исатайұлы, "ЖМГ" ӨБ-ң МЖӨЖЦЦ
II орын – Танатов Адильбек Шарипович, "ЖМГ" ӨБ-ң ПЖПЖЦ
III орын – Жанаберген Қуаныш, "ЖМГ" ӨБ-ң механикалық цехы



ЭЛЕКТР-ГАЗБЕН ДӘНЕКЕРЛЕУШІ
I орын – Балгазиев Ануарбек Беклыбаевич, "ЖМГ" ӨБ-ң ПЖПЖЦ
II орын – Алиев Дәулет Байбозұлы, "ЖМГ" ӨБ-ң ПЖПЖЦ
III орын – Сейтов Айболат Ермекович, "ЖМГ" ӨБ-ң ПЖПЖЦ

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ: «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ-дағы «ЭКОЛОГИЯ АПТАЛЫҒЫ»



Жыл сайын 5 маусымда бүкіл әлемде Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні атап өтіледі. Бұл маңызды күн табиғатты сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелеріне қоғам назарын аударуға бағытталған. Осы мерекеге орай «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаменті, қоршаған ортаны қорғау және парниктік газдар қызметінің мамандары «Экология апталығын» ұйымдастырды. Апталық аясында Ашық есік күні мен Қоғам қызметкерлері арасында корпоративтік мәдениетті дамыту мақсатында «Табиғатты аяла» тақырыбында балалар сурет байқауы ұйымдастырылып, оған компания қызметкерлерінің 60-тан астам баласы қатысты.

Іс-шара барысында қатысушылар үшін танымдық ойындар, экологиялық викториналар мен спорттық эстафеталар өткізілді. Балалар қалдықтарды бөлек жинау, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы білімдерін көрсетті. Олардың белсенділігі мен қызығушылығы экологиялық тәрбиенің жастайынан табиғатқа деген жауапкершілік сезімін қалыптастырудың маңызын айқын дәлелдеді.

Сурет байқауы ерекше қызығушылық тудырды. Жас қатысушылар өз шығармашылықтары арқылы экологиялық мәселелерге деген көзқарастарын білдіріп, оларды шешу жолдарын бейнеледі. Көптеген жұмыстардың негізгі тақырыбы қоршаған ортаға ұқыпты қарау, табиғат тазалығын



сақтау және планетамыздың болашағына қамқорлық жасау болды.

Іс-шара қорытындысы бойынша барлық қатысушылар белсенділігі, шығармашылық қабілеті және экология мәселелеріне деген қызығушылығы үшін естелік сыйлықтармен және құрмет грамоталарымен марапатталды. Осындай іс-шараларды өткізу өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін арттыруға, қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімін дамытуға және табиғи байлықтарды сақтауға саналы көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай бастамалар экологиялық жауапкершілігі жоғары қоғам қалыптастыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

ДАЙЫНДЫҚТЫ ТЕКСЕРУ: КЕН ОРНЫНДА ӨРТКЕ ҚАРСЫ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында мұнайды кешенді дайындау және айдау цехындағы №5 резервуарда шартты өртті сөндіру бойынша өрт-тактикалық оқу-жаттығу өтті.

Сценарийге сәйкес, шартты өрт анықталғаннан кейін тиісті қызметтер мен өндірістік персоналға жедел хабар беріліп, өрт ошағын оқшаулау және жою жұмыстары басталды.

Оқу-жаттығуға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Semser-Өрт сөндіруші» ЖШС, ТОО «Маңғыстауэнергомұнай», «KMG-SECURITY» ЖШС және өзге де ұйымдардың мамандары қатысты. Олар бірлесіп өндірістік нысанда төтенше жағдай туындаған кездегі іс-қимылдарды пысықтады.

Барлық қатысушылар үйлесімді өзара іс-қимыл мен шешім қабылдау-



дағы жеделдікті және штаттан тыс жағдайларда әрекет етуге дайын екендіктерін көрсетті.

Оқу-жаттығу қорытындысы бойынша барлық тартылған қызметтердің жұмысына оң баға берілді.

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС – ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ ҚОРҒАНЫСЫ

2026 жылдың 3-4 маусым күндері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Жетібай және Қаламқас кен орындарында азаматтық қорғаныс саласына арналған Маңғыстау облысы әкімінің шығарған өкіміне сәйкес көшпелі оқу-семинар өтті.

Оқу барысында қатысушылар «Құрылым командирлері», «Қауіпті өндірістік нысан басшысы», «Қалыптастыру құрамына кірмейтін оқу тобының жетекшісі» тақырыптары бойынша білімдерін жетілдірді. Оқуға цех басшыларының орынбасарлары, инженерлер, шеберлер мен бөлім басшылары қатысты.

Іс-шараны Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар тобы мен Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті бірлесіп ұйымдастырды. Семинарды Азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері, капитан Бектас Мұратұлы Мұратов жүргізіп, қатысушылармен тәжірибелік білім мен маңызды ақпараттармен бөлісті.

Азаматтық қорғаныс – тек талап емес, қауіпті алдын алуға бағытталған маңызды жүйе. Табиғи және техно-



гендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрекет ету, алғашқы көмек көрсету және жедел шешім қабылдау – әр маман үшін аса қажет дағды.

«Жау жоқ деме, жар астында» дегендей, қауіптің алдын алу – оның салдарымен күресуден әлдеқайда тиімді. Сондықтан осындай оқу-семинарлар қызметкерлердің дайындығын арттырып қана қоймай, өндірістегі қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға да ықпал етеді.

Білім – қауіпсіздіктің кепілі.

Дайындық – төтенше жағдайдағы сенімді қорғаныс.

Қауіптен сақтану – бәрімізге ортақ құндылық.

БАЛАЛАРДЫҢ КҮЛКІСІ – ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ӘДЕМІ ӘУЕНІ!



ЖАС
МАМАНДАР КЕҢЕСІ
«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі №3 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына барып, бүлдіршіндерге мерекелік көңіл-күй сыйлады.

«Мұнайлы өлке» қоғамдық қорының қолдауымен балаларға арнайы сыйлықтар табысталып, олардың қуанышқа толы сәттеріне куә болдық. Балалардың шат күлкісі мен жарқын жүздері мерекенің шынайы сәніне айналды.

Бала қуанышы – баршамызға ортақ қуаныш. Сондықтан әрбір бүлдіршіннің арманы асқақ, болашағы жарқын болып, мейірім мен қамқорлыққа бөлене беруін тілейміз.

Ізгі іске қолдау көрсеткен «Мұнайлы өлке» қоғамдық қорына шынайы алғысымызды білдіреміз!

Балаларымыз әрдайым бақытты болып, күлкілері ешқашан үзілмесін!



ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – ҰЖЫМ АБЫРОЙЫ



Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес, өнеркәсіптік қауіпсіздік – адам өмірі мен қоршаған ортаны қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғауға бағытталған маңызды жүйе. Өндірістегі жазатайым оқиғалардың негізгі себептерінің бірі – қауіпсіздік талаптарының сақталмауы.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты тетігі – өндірістік бақылауды дұрыс ұйымдастыру. Ол өндірістік нысандардың қауіпсіз пайдаланылуын қадағалап, технологиялық тәртіптің сақталуын, техникалық тексерулердің уақытылы жүргізілуін және төтенше жағдайларға дайындықты қамтамасыз етеді.

Бүгінде цифрлық ақпараттық жүйелерді енгізу арқылы өндірістік қауіпсіздік талаптарын бақылау күшейіп келеді. Мұндай жүйелер өндірістегі оқыс оқиғалар мен жарақаттану қаупін азайтып, адам өмірі мен денсаулығын қорғауға мүмкіндік береді.

Осы бағыттағы жұмыстар аясында «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС-нің Қаламқас кен орнында Дүниежүзілік

еңбекті қорғау күніне орай тақырыптық дәрістер мен семинарлар өткізілді. Іс-шараларға инженерлік-техникалық қызметкерлер мен жұмысшылар қатысты.

Кездесулер барысында еңбек қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру, өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелері талқыланды. Қатысушыларға алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері көрсетіліп, өрт қауіпсіздігі бойынша оқу-жаттығулар ұйымдастырылды. Сонымен қатар жеке қорғаныс құралдарын дұрыс пайдалану тәртібі түсіндірілді.

Шара соңында қауіпсіздік тақырыбында викторина өткізіліп, белсенді қатысқан қызметкерлер марапатталды. Мұндай іс-шаралар өндірістік жарақаттану тәуекелдерін төмендетіп, қызметкерлердің жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Естай Екібаев
«МЭМ» ЖШС қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі инженері

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ТИМБИЛДИНГ – ҰЖЫМ ҮНТІМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ НЫШАНЫ

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС ұжымының бірнеше бөлімше қызметкерлері арасында ынтымақтастық рухты нығайту мақсатында «Каспий» теңізі жағалауындағы «ZHAGALAY RESORT» орталығында тимбилдинг ұйымдастырылды.

Тимбилдинг бағдарламасы қызметкерлер арасында ұйымшылдықты арттыруға, олардың өзара сенімдерін нығайтуға және тиімді заманауи коммуникациялық әдістерді дамытуға бағытталды. Шара барысында қатысушылар алдын ала командаларға бөлініп, әр команда өзінің команда аты мен девизін қорғады, команда мүшелері әр сайыста шапшаңдық пен ептілік танытып, топтық түрлі тапсырмалар мен спорттық сайыстарға белсенді қатысты. Бірнеше кезеңнен тұратын бұл шарада ұжым мүшелері бірлескен, бір шешімді жұмыстың нәтижелі болатынын тағы да дәлелдеді, ортақ жұмыла көтерген жүктің жеңілдігі мен маңыздылығын іс жүзінде көрсетті.

Серіктестіктің кенорын жұмысшыларының да қатысуымен ұйымдастырылған бұл шарада ортақ мақсаттарға жетуде бірліктің маңыздылығы тағы бір мәрте айқындалды. Мерекелік тимбилдинг шарасы бірнеше номинациялар бойынша қорытындыланды, командалық сайыстардың жүйріктері ерекше аталды. Осындай шаралар қызметкерлердің корпоративтік мәдениетін дамытуға, жұмыс тиімділігін арттыруға және ұжымның ұйымшылдығын күшейтуге ықпалы зор.

Гүлбану Бекібаева
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС инженер-энергетигі



«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

- ▶ **«Өмірлік маңызды қағидалар» - бұл жазатайым оқиғалар мен өндірістік тәуекелдердің алдын алудың қарапайым, түсінікті және сенімді әдісі.**
- ▶ **Бұл қағидаларды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның барлық қызметкерлері мен мердігерлері сақтауға міндетті. «Өмірлік маңызды қағидаларды» ұстану - адам өмірін сақтаудың ең маңызды тәсілі.**
- ▶ **Біздің жұмысшыларымыз, басшылығымыз, қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен өндірістік құрылымдық бөлімшелер басшылары, сондай-ақ мердігерлеріміз бұл мәселеде жауапкершілікті көрсетеді және осы қағидаларды сақтайды деп сенеміз.**
- ▶ **Жұмысшылардың қауіпсіздігі әрқашан біздің маңызды басымдықтарымыздың бірі болып қала береді.**

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның саясаты келесідей қағидаларды көздейді:



ҚАУІПТІ АЙМАҚТЫ АЙНАЛЫП ӨТУ



ЖАБЫҚ КЕҢІСТІКТЕ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ



КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАУІПСІЗ ЖҮРГІЗУ



ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ОҚШАУЛАУ



ОТ ҚАУІПТІ ЖҰМЫСТАРЫ



ҚАУІПТІ АЙМАҚ



ЖҮК КӨТЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



ҚАУІПТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖҰМЫСТЫ ЖҮРГІЗУГЕ РҰҚСАТ-ШАҚТАМА



БИІКТІКТЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ

«Өмірлік маңызды қағидалар» бойынша толық ақпарат алу үшін ұялы телефон арқылы QR-code бойынша өтіңіз



ИГІ ІСКЕ ҮЛЕС ҚОСУ: ҚАЗМҰНАЙГАЗ АҚТАУДА ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МАРАФОНЫН ӨТКІЗДІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұйымдастыруымен Ақтау қаласында жыл сайынғы «Munaily Marathon-2026» жарысы өтті.

Биыл марафонға 1000 адам қатысты. Олардың арасында ҚМГ компаниялары тобының қызметкерлері, кәсіби спортшылар және Қазақстанның әр өңірінен келген тұрғындар болды. Қатысушылар 5 км және 10 км қашықтықты еңсерді.

ҚМГ басшысы Асхат Хасенов барша қатысушыға белсенділік танытқаны үшін алғыс білдіріп, олардың игі іске қосқан үлесін атап өтті.

— «Munaily Marathon» — әлеуметтік жауапкершілік пен бірліктің жарқын үлгісі, сонымен қатар маңызды спорттық іс-шара. Үшінші жыл қатарынан өткізіліп келе жатқан марафон спортты, салауатты өмір салты мен қайырымдылықты біріктірген жақсы дәстүрге айналды. Өздеріңізге мәлім, ҚазМұнайГаз жалпыұлттық ынтымақтың нышанына айналған Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» ауқымды бастамасына белсене қатысуда. Бұған қоса, ҚМГ әлеуметтік жауапты компания ретінде өз қызметін жүргізетін өңірлерде маңызды жобаларды іске асырып

келеді, солардың ішінде мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер, сондай-ақ спорттық және мәдени нысандардың құрылысы бар. Алдағы уақытта да өңірлерде тұратын азаматтардың өмір сапасын арттыру үшін бұл бағыттағы жұмысты жалғастырамыз, — деді А.Хасенов.

Айта кетсек, қайырымдылық шарасы барысында жиналған барлық қаражат Жаңаөзен қаласындағы ерекше қажеттілігі бар балаларға көмек көрсететін «Балақай» оңалту орталығына жіберілді.



«СУПЕРКУБОК-2026»: СПОРТТЫҚ БӘСЕКЕДЕ ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан халқының бірлігі күніне орай ұйымдастырылған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның «Суперкубок-2026» спорттық жарыстары өз мәресіне жетті. Дәстүрлі турнир аясында қызметкерлер арасында шағын футбол мен волейболдан жарыстар өткізіліп, үздік командалар мен үздік ойыншылар анықталды.

Шағын футбол

Шағын футбол турниріне компанияның өндірістік басқармалары мен құрылымдық бөлімшелерінің командалары қатысты. Жарыс барысында командалар жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, көрермендерге қызықты ойын сыйлады.

Жарыс қорытындысы бойынша:

I орын — «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Мұнай және газ өндіру цехы өнімділігін қолдау цехының (ҚҚҰЦ) командасы;

II орын — «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Мұнай және газ өндіру цехы өнімділігін қолдау цехының (ГӨДЖТЦ) командасы;

III орын — «Жетібаймұнайгаз» ӨБ МГӨЦ-1 командасы.

Жекелей аталымдар бойынша:

«Үздік ойыншы» — Елемес Күлшабай (ҚҚҰЦ, ЖМГ ӨБ);

«Үздік қорғаушы» — Нұрбек Қазиев (МГӨЦ-1, ЖМГ ӨБ);

«Үздік қақпашы» — Бауыржан Ақат (МГӨЦ-1, ЖМГ ӨБ).

Волейбол

28–29 мамыр күндері Ақтау қаласындағы

«BS» спорт кешенінде волейболдан «Суперкубок-2026» турнирі өтті. Турнирге іріктеу кезеңдерінің жеңімпаз командалары қатысып, жоғары деңгейдегі ойын өрнегін көрсетті.

Екі күнге созылған жарыста әр команда жеңіс үшін бар күшін салып, тартысты кездесулер көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырды.

Жарыс қорытындысы бойынша:

I орын — «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ҚҚҰЦ-2 командасы;

II орын — «Жетібаймұнайгаз» ӨБ МГӨЦ-1 командасы;

III орын — «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ҚҚҰЦ-1 командасы.

Жекелей аталымдар бойынша:


«Үздік ойыншы» — Думан Шәмелеев (ҚҚҰЦ-2, ҚМГ ӨБ);

«Үздік либеро» — Болатбек Боранқұлов (МГӨЦ-1, ЖМГ ӨБ);

«Үздік байланыстырушы» — Қанат Омаров (ҚҚҰЦ-1, ҚМГ ӨБ).

«Суперкубок-2026» жарыстары қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, корпоративтік бірлікті нығайтуға, командалық рухты қалыптастыруға және бұқаралық спортты дамытуға зор үлес қосты.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы кубоктармен, дипломдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Л. Жолдыбаева

Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

➤ Газет жарияланымдарындағы
автор пікірі редакцияның
көзқарасын білдірмейді
➤ Редакция оқырман хаттарына
жауап бермейді және оны
қайтармайды
➤ Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға
болмайды

Газет АҚ-ның
жұртшылықпен
байланыс тобы-
ның компьюте-
рінде теріліп,
беттелді.
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Ақтау қаласы,
«Дукат» ТҰ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе
тел: 8(7292)525 500